

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫН ЦИФРАНДЫРУ БОЙЫНША АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. СЕКТОРДЫҢ БАРЛЫҚ НЕГІЗГІ ОБЪЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША БІРЫҢҒАЙ «ДЕРЕКТЕР КӨЛІ» (DATA LAKE) ҚАЛЫПТАСАДЫ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА SMART RAIL ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ КӨЗДЕЛГЕН. БҰЛ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ҮЛКЕН ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ. НӘТИЖЕСІНДЕ ШЫҒЫНДАР АЗАЙЫП, ҚАУІПСІЗДІК ДЕҢГЕЙІ АРТАДЫ.

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
ҚР Көлік министрі



№49 (3196)
26/06/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ИНВЕСТИЦИИ В ТРАНСПОРТНУЮ ОТРАСЛЬ

В Брюсселе состоялась международная бизнес-конференция «Укрепление связанности Казахстана и ЕС: перспективы и стратегический потенциал Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ)», организованная АО «НК «Қазақстан темір жолы» при поддержке Посольства Республики Казахстан в Королевстве Бельгия.

Практическим результатом форума стало достижение четырех договоренностей на общую сумму 462 миллиона долларов, направленных на укрепление транспортной связанности между Европой и Азией и дальнейшее развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута.

В частности, АО «KTZ Express» подписало соглашение с Midia Marine Terminal о реализации совместного проекта в румынском порту Мидия. Проект позволит расширить инфраструктурные возможности маршрута на Черном море и повысить эффективность обработки грузов.

Кроме того, KTZ Express и A.P. Moller – Maersk достигли договоренностей о развитии контейнерных перевозок по ТМТМ и привлечении дополнительных грузопотоков на маршрут.

Выступая на конференции, председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» представил планы по дальнейшему развитию транспортной инфраструктуры Казахстана и международной терминальной сети, отметив их значение для увеличения объемов перевозок по Среднему коридору.

На встрече с руководством DHL Global Forwarding стороны обсудили долгосрочное сотрудничество по развитию Среднего коридора. Успешным примером использования ТМТМ назван контейнерный сервис DHL между Турцией и Китаем. ҚТЖ подчеркнула, что проект демонстрирует высокий потенциал маршрута для перевозок между КНР, Центральной Азией, Турцией и Европой.

Для усиления транзитного потенциала ҚТЖ формирует собственную мультимодальную экосистему, включая расширение морского флота. Отдельно отмечен приграничный комплекс KIF Warehouses на границе с Китаем – два современных склада общей площадью 23 тысячи квадратных метров. По итогам переговоров стороны подтвердили намерение объединить инфраструктуру ҚТЖ и глобальные компетенции DHL для создания сквозных мультимодальных сервисов.

Главным итогом встречи с A.P. Moller-Maersk



стало подписание соглашения, выводящего партнерство на новый практический уровень. Стороны уже имеют успешный опыт. В рамках развития Транскаспийского международного транспортного маршрута АО «KTZ Express» совместно с A.P. Moller-Maersk осуществляют контейнерные перевозки в экспортно-импортном сообщении. Согласно подписанному соглашению, Maersk развивает собственные морские сервисы на Черном море, что в синергии с сухопутной инфраструктурой ҚТЖ обеспечивает создание сквозных мультимодальных решений и повышает скорость доставки грузов между Азией и Европой.

Перспективными направлениями названы также обмен опытом и обучение персонала. Соглашение призвано объединить морскую экспертизу Maersk и транзитно-инфраструктурный потенциал ҚТЖ для создания новых евразийских логистических решений.

С исполнительным директором Сообщества европейских железнодорожных и инфраструктурных компаний (CER) Альберто Маццолой обсуждены совместные шаги по повышению эффективности грузовых перевозок между Азией и Европой. ҚТЖ последовательно модернизирует подвижной состав,

расширяет инфраструктуру и внедряет IT-решения для увеличения грузопотока на ТМТМ.

CER отмечен как ключевая платформа для интеграции, обмена опытом и стандартизации с европейскими железными дорогами. Центральным вектором партнерства названа цифровизация перевозочного процесса, включая создание бесшовной среды обмена данными и повышение прозрачности логистических цепочек.

На переговорах с DB Cargo Eurasia GmbH стороны подвели итоги работы на маршруте Китай – Европа и наметили шаги по развитию грузоперевозок по ТМТМ. ҚТЖ представила масштабные инфраструктурные проекты: введены в эксплуатацию вторые пути на участке Достык – Мойынты, продолжается модернизация линии Алтынколь – Жетыген для разгрузки перехода Алтынколь – Хоргос.

ҚТЖ активно увеличивает парк фитинговых платформ под растущий грузопоток КНР – ЕС – КНР, а также усиливает терминальные пропускные способности.

По мнению сторон, модернизация позволит вывести надежность и скорость транзита между Китаем и Европой на новый качественный уровень.

Асель ШАЙХЫНОВА

ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ диспетчерлік-талдау орталығының «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жүйелерімен интеграциясы іске асырылды. Бұл Мұнайгаз компаниясының өнімдерін жеткізу тізбегінің цифрлық мониторингін белсенді дамыту бағыты шеңберінде іске асып отыр.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ диспетчерлік-талдау орталығы (ҚМГ ДТО) мұнай өңдеу зауыттарын қоса алғанда, компанияның барлық активтерінен жедел деректерді жинап, жөнелту бағытын қадағалайды және мұнай өнімдерін теміржол станцияларына жеткізу уақытын есептейді.

2025 жылдың соңында ҚМГ ДТО жүйелерін ҚТЖ «Бас есептеу орталығы» филиалының елішілік орналасу және мұнай өнімдерін импорттау жөніндегі деректерімен интеграциялау жүргізілді. Бұл Қазақстан аумағы бойынша мұнай өнімдерінің қозғалысын мен көлемін, соның ішінде импорттық темір жол жеткізілімдерін күн сайын бүкіл жүру бағыты бойынша сағат сайын қадағалауға мүмкіндік берді.

Әрбір вагон-цистерна қозғалысының визуалдық мониторингін іске асырылды, яғни жүйе тиеуден бастап вагонның орналасқан жерін, сондай-ақ тасымалдаудың әрбір кезеңіндегі келу, жөнелту, тиеу, түсіру және тағы басқаларының күндері мен мәртебелерін көрсетеді.

Цистерналардың тоқтап қалуының автоматты мониторингін енгізді. Жүйе станциялардағы кідірістерді тіркейді, бұл логистикалық проблемалық аймақтарын жедел анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету деңгейі бойынша Қазақстан өңірлерінің талдамалық рейтингі қалыптастырылды.

Жалпы, ҚМГ-ның ҚТЖ жүйелерімен интеграциясы логистиканың цифрландырудағы маңызды қадам болды, бүкіл Қазақстан бойынша мұнай өнімдерін жеткізу тізбегін жедел мониторингтеуге және неғұрлым дәл басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік берді. Жоба Мемлекет басшысы жариялаған цифрландыру және жасанды интеллект жөніндегі аясында екі ірі ұлттық компанияның тиімді өзара іс-қимылы мен үйлесімді жұмысының арқасында іске асырылды.

Ислам ТАЛФАТ



Ерсайын НАГАСПАЕВ,
министр промышленности и строительства:

Конференция

ЛОГИСТИКА ФОРУМЫНА ҚАТЫСУДА

«KAZLOGISTICS» көлік және логистикалық ұйымдар мен қауымдастықтар одағының бас директоры Қанат Әлмағамбетов 24–26 маусым аралығында Қытайдың Шанхай қаласында өтіп жатқан халықаралық Transport Logistic China 2026 көрмесі мен конференциясының жұмысына қатысуда.

Ислам ТАЛФАТ,
Астана

Қазақстан делегациясының форумға қатысуы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге, еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін ілгерілетуге, Азия мен Еуропаны байланыстыратын транзиттік бағыттарды дамытуға, сондай-ақ Қазақстанның Еуразиядағы маңызды көлік хабы ретіндегі ұстанымын нығайтуға бағытталған.

Форумның алғашқы күні Қанат Әлмағамбетов халықаралық логистика мен көлік дәліздерін дамыту мәселелеріне арналған бірқатар салалық іс-шараларға қатысты.

Іскерлік бағдарлама аясында «Еуразияны байланыстырып, өсімді ынталандыру» тақырыбындағы CRCT контейнерлік тасымалдарды дамыту конференциясы өтті. Онда контейнерлік тасымалдардың тиімділігін арттыру, халықаралық теміржол бағыттарын дамыту және Еуразия елдері арасындағы көлік байланысын кеңейту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар форум қатысушылары заманауи логистикалық экожүйені қалыптастыру,



инновациялық шешімдерді енгізу және жүк тасымалы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне ерекше назар аударды.

Көлік-логистика саласы өкілдерінің қызығушылығы саланы цифрлық трансформациялау, интеллектуалды логистикалық технологияларды енгізу, жеткізу тізбектерін басқаруда жасанды интеллектті қолдануға ойысып, сондай-ақ әлемдік экономиканың өзгермелі жағдайында

жаһандық логистиканың тұрақтылығын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер туралы түрлі пікірталастар тудырды.

Форум аясында қазақстандық өкілдер шетелдік серіктестермен, логистикалық операторлармен және салалық қауымдастықтармен халықаралық көлік бағыттарын дамыту, қосымша жүк ағындарын тарту, Транскаспий халықаралық көлік бағыты және өзге де еуразиялық көлік дәліздері шеңберіндегі ынтымақтастықты кеңейту перспективаларын талқылау үшін кездесулер мен келіссөздер жүргізуде.

Transport Logistic China – Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі логистика, көлік, жеткізу тізбегін басқару және цифрлық технологиялар саласындағы ең ірі халықаралық алаңдардың бірі. Форум теміржол, теңіз, автомобиль және әуе көлігі операторлары, логистикалық компанияларды, жүк иелерін, инвесторларды және мемлекеттік органдардың өкілдерін біріктіреді. 2026 жылы шара Shanghai New International Expo Centre көрме орталығында өткізіліп, әлемнің 50-ден астам елінен келген 900-ден астам компанияны жинады.

БЕС ВОКЗАЛ ДАЙЫН



Үкімет отырысында Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов аймақтық темір жол вокзалдарының құрылыс барысы туралы баяндады, деп хабарлайды Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс басшысы өңірде теміржол инфрақұрылымын ауқымды жаңғырту жұмыстары аясында Қазақстан темір жолымен бірлесіп 9 вокзал қайта жөндеуден өтіп, жаңадан салынып жатқанын жеткізді. Қазіргі таңда ғимараттардың бөрінен құрылыс жүріп жатыр. Осы жылдың қыркүйек айына дейін аймақтағы Исатай, Жамансор және Мұқыр станцияларында вокзалдарда құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталады. Ал, Мақат, Сағыз, Доссор, Аққыстау және Құрманғазы станциясының вокзалдары қазірдің өзінде толық дайын.

«Осы бес станцияда ескірген құрылыстардың орнына мүлдем жаңа ғимараттар бой көтерген. Жаңартылған вокзалдарда қабаттер, инженерлік және санитариялық желілер ауыстырылып, заманауи жарықтандыру мен навигация орнатылып жатыр. Кедергісіз орта қалыптастыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Ғимараттарда пандустар, заманауи ана мен бала бөлмелері, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған арнайы аймақтар жабықталып жатыр. Жоспарда көтергіш платформалар орнату да қарастырылған», деп мәлімдеді облыс басшысы.

Ал Атыраудың теміржол вокзалында 2026 жылдың соңына дейін қайта жаңғырту жұмыстарын толық аяқтау жоспарланып отырған көрінеді.

Қосұйым МҰҚАНШЕВ, Атырау

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ МАШИНОСТРОЕНИЕ ОСТАЕТСЯ ОДНИМ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ ДРАЙВЕРОВ РАЗВИТИЯ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ. СЕГОДНЯ НА ДОЛЮ ОТРАСЛИ ПРИХОДИТСЯ 13% ВСЕГО МАШИНОСТРОИТЕЛЬНОГО ПРОИЗВОДСТВА СТРАНЫ. В СЕКТОРЕ РАБОТАЮТ 60 ПРЕДПРИЯТИЙ, ОБЕСПЕЧИВАЮЩИХ ЗАНЯТОСТЬ БОЛЕЕ 8 ТЫСЯЧ ЧЕЛОВЕК. ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА ОБЪЕМ ВЫПУСКА ПРОДУКЦИИ ВЫРОС НА 22,5%, ДОСТИГНУВ 734 МИЛИАРДОВ ТЕНГЕ. ВЫСОКАЯ ИНВЕСТИЦИОННАЯ АКТИВНОСТЬ ПОСЛЕДНИХ ЛЕТ СТАЛА РЕЗУЛЬТАТОМ СИСТЕМНОЙ РАБОТЫ ПО ОБНОВЛЕНИЮ ВАГОННОГО ПАРКА НАЦИОНАЛЬНОГО ПЕРЕВОЗЧИКА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ БЕС АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖЕЛІСІНДЕ ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

131 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ЭКСПОРТҚА

13 млн


ТОННА КӨМІР ЖӨНЕЛТІЛДІ.

ҚАЗАҚСТАНДА ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

22,5%

ӨСТІ.

ДНОУГЛУБЛЕНИЕ НА СТАРТЕ



ИНФРАСТРУКТУРА

В морском порту Актау завершены геодезические изыскания в рамках проекта по дноуглублению акватории порта. Полностью реализовать проект планируется до конца 2026 года.

Дноуглубление акватории морской гавани повысит пропускную способность Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) и безопасность судоходства. Так, проходная осадка в акватории порта будет увеличена до 6-7 метров, что позволит обеспечить полную загрузку судов и повысить эффективность обработки грузов.

К настоящему моменту генеральный

подрядчик – компания China Harbour Engineering Company Ltd. провела геодезические изыскания и обработку полученных данных, необходимых для реализации проекта.

В рамках подготовительного этапа ведется мобилизация специализированного дноуглубительного флота, техники и оборудования. Одновременно на участке карты намыва продолжается

Любовь РОББА

СОҢҒЫ СТАНЦИЯНЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты шекара шебіндегі үшінші класты Ауыл станциясы шағын болғанымен жүк және жолаушы тасымалындағы жүгі ауыр.



Ауыл – ұзындығы 119,7 шақырым болатын, теміржолшылар аузымен «Солтүстік тармақ» аталатын Семей – Локоть тәлімінің ең шеткі нүктесі. Әрі еліміздің Сібірге ашылған қақпасы саналады. Биыл құрылғанына 111 жыл болатын станция соңғы кезде жаңарып, қайта жаңғыруда. Жуырда су жаңа вокзал пайдалануға берілді. Нәтижелі орындалған инфрақұрылымдық дамыту – жүк тиеу мен түсіру, транзиттік пойыздар ағынын реттеуде де зор тиімділік әкелуде. Жаңарған вокзал ғимаратында орналасқан станция жұмысы да қайта жанданып сала берді.

– Қазіргі күні Ауыл станциясында бір ауысымда ең кемі 15 пойыз өтеді. Алдағы айлардан бастап астық тиеу маусымының басталуына байланысты жүк тиеу жұмыстары күрт ататын болады. Даярлық іс-шараларын қазірден бастап пысықтап жатырмыз, – дейді бұл орайда станция кезекшісі Алмира Күмісова.

Ауыл – 100-ге жуық теміржолшы тұратын шағын ғана елді мекен болғанымен экспортқа жүк тиеуде алдыңғы қатардан табылатын станция. Аграрлы өңірдің шаруалары негізінен күнбағыс, қарақұмық, бұршақ тұқымдас дақылдарын тиеуге тапсырыс береді екен. Алдағы апталарда күздік қара бидайға орақ түсетіндіктен вагондардың қажеттілігі де артағын болады. Тиелген жүктердің басым бөлігі Семейдегі қамбаларға жөнелтілгенімен кейбірі алыс шетелдерге жіберіледі.

Яғни, шілде-тамыз айларынан бастап жүк тасымалы бойынша қозғалыс барысы күрт жоғарылайтын болады. Жабық контейнерлерге тиелетін сусымалы тауарды межелі жерге жеткізу станцияның тауар қассасы мен пойыз құрастырушылардың еңбегіне елеулі күш түсіреді. Жалпы, станциядағы көрсеткіштер жыл санап еселеп өсуде. Тасымал қарқыны артқан шақта тәулігіне ең кемі 15 вагонға дейін тапсырыс беріледі екен. Яғни, алдағы апталарда «Шығыс-Астық» ЖШС-на қарасты кірме жолында жылдағыдай қарбалас басталады деген сөз.

Десек те, қозғалысшылар үшін басты міндет – жабық вагондардың қажеттілігін реттеу, тастандық пойыздарды болдырмау, шекара түбінде жылжымалы құрамдар іркілісін туғызабау. Бұл жылдағы қайталанатын негізгі міндет. Осынау орайда тәжірибелі қозғалысшы, білікті станция басшысы Қарлығаш Мазанқызы бастаған жергілікті теміржолшылар қауымы қозғалыс қауіпсіздігі талабына сай еңбек етіп, жоспарлы шараларды межелі мерзім ішінде орындайтындықтарына бек сенімді.

Суретті түсірген автор

ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛДЫ

Ислам ТАЛҒАТ,
Ақтау



«Қамқор Вагон» ЖШС Қарағанды вагон жөндеу депосы» филиалында депо қызметкерлері үшін жаңа тамақтану бөлмесі ашылды.

Бұл қызметкерлер үшін қолайлы еңбек жағдайларын жасаудың тағы бір қадамы. «Қамқор Магистраль» кәсіпорнының қолдауымен жиһаз бен тұрмыстық техниканы сатып алуға қаражат бөлінді, бұл үй-жайды жұмыс күні ішінде толыққанды демалу және тамақтану үшін барлық қажетті заттармен жабдықтауға мүмкіндік берді.

Хабарландыру

Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ қызметтің жариялығын, транспаренттілігін сақтау, сондай-ақ тұтынушылармен мүдделер теңгерімін сақтау мақсатында 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында табиғи монополия саласына жататын реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша қызмет туралы қызметтерді тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында тыңдау өткізуге ниетті.

Бұл тыңдауда қызметтің негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы, ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі, қызмет тұтынушылармен жүргізілген жұмыс, бекітілген тарифтік сметаның бап бойынша орындалуы, қызметтің перспективалары мен көрсетілетін қызметтердің сапасы туралы ақпарат жарияланады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ келесі қызметтер бойынша Мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізді:

- магистральдық теміржол желісі;
- кірме жолдар;
- электр энергиясын беру бойынша.

Өткізу күні: 2026 жылғы 29 шілде сағат 15.00-де: Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6 (А блогы, 16 қабат, кеңес залы) мекенжайы бойынша, оның ішінде онлайн-трансляцияны ұйымдастырумен.

Бұдан басқа, қоғамдық тыңдауға қатысуға өтінімдер 2026 жылғы 28 шілде сағат 15.00-ге дейін 60-37-17, 60-37-18 Байланыс телефондары немесе электрондық пошта арқылы қабылданатынын хабарлаймыз Myrzaliyeva_A@railways.kz

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ – КӘСІБИЛЕР ҚОЛЫНДА

Қызылорда өңірінде теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқынды жалғасуда. «Integra Construction KZ» ЖШС филиалының Батыс дирекциясы ағымдағы жылға жоспарланған күрделі жөндеу ді табысты жүзеге асыруда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Биыл жол жөндеуші мекеме тарапынан облыс аумағында жалпы ұзындығы 31,316 км теміржолға күрделі жөндеу жүргізу көзделген. Бүгінде Байқожа мен Еңбекшіқазақ станциялары аралығындағы 17,988 км тақ жол және Төретам мен Дирментөбе станциялары аралығындағы 13,328 км жүп жол жаңғыртудан өтуде.

Теміржолдың ескі жолтабан құрылымдары жаңартылып, жаңа темір-бетон шпалдар төселуде. Сонымен қатар ұзындығы 1500 метрлік ұзын рельстер орнатылып, жолдың техникалық сапасы мен пайдалану мерзімін арттыруға ерекше мән беріліп отыр. Ма-

мандардың айтуынша, негізгі күрделі жөндеу жұмыстары тамыз айының екінші онкүндігінде толық аяқталады деп жоспарланған.

Құрылыс алаңында 45 жұмысшы, 30-ға жуық механизатор, 6 орта буын басшылар еңбек етуде. Сондай-ақ МПД, ПЛ, УК, ЭЛБ, ВПО секілді ауыр жол техникалары, 120 қиыршық тас тасымалдайтын вагон, рельс-шпал торларын жеткізетін арнайы жылжымалы құрамдар жұмылдырылған. Бұған қоса 5 бульдозер, 2 автогрейдер және 5 автотехника құрылыс қарқынын үдетуде.

Батыс филиалының бастығы Дәурен Сұлтамұратовтан бөлек

ұйымдастыру және үйлестіру жұмыстарына филиал директорының орынбасары Әмірхан Жолдасбай мен прораб Берік Арықбай жетекшілік жасап келеді. Олардың кәсіби тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілеті күрделі жөндеу жұмыстарының белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуына негіз болып отыр.

– Алдағы уақытта Сексеуіл станциясын дамыту жобасы аясында ауқымды құрылыс жұмыстары қолға алынбақ. Жоба бойынша станцияның «А» және «Б» паркері кеңейтіліп, қосымша 17 станциялық жол салынады. Жалпы ұзындығы 20 км құрайтын жаңа

жолдармен қатар 77 бағыттама бұрмасын орнату жоспарланған. Қазіргі таңда биылға жоспарланған 31,316 км күрделі жөндеудің құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде, – дейді филиал директорының орынбасары Әмірхан Жолдасбай.

Сыр өңірінің аптап ыстығы мен қатал ауа райына қарамастан құрылысшылар жұмысты тоқтатпай еңбек көрігін қыздыруда. Кәсіби шеберлік пен қақырлы еңбектің арқасында өңір теміржолшының жаңа тынысы ашылып, қауіпсіз әрі заманауи инфрақұрылым қалыптасуда.

Суретті түсірген автор



САНДЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖЕМІСІ



ЦИФРЛАНДЫРУ

Елімізде қызмет көрсету саласын сандық жүйеге көшіру бұрынғы қағазбастылықтан арылтып, халыққа қолайлылық туғызды. Соның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлық теміржол» стратегиясын іске қосқалы бұл салада ауыз толтырып айтарлықтай жетістік бар.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Стратегия Компанияның бизнес моделін цифрландыруды және барлық негізгі операциялық сегменттерге жаңа технологияларды енгізуді қарастырады: жүк және жолаушылар тасымалы, инфрақұрылым және көліктік логистика, IT дамыту және басқару үшін үздік әлемдік стандарттар мен практиканы қолданады. Технологиялық үрдістердің дамуына сәйкес, аймақта, Атырау жүк тасымалы және Магистральды желі бөлімшелерінде станциялардың жұмысын жақсартуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Мәселен, Ресейдің Астрахань қаласымен шектесетін Ақсарай-2 мемлекетаралық түйіспе пунктінде Қазақстан бойынша экспедиторлардан транзиттік төлемдерді уақтылы алу мақсатында жүк қассирлері мен пойыз қабылдаушыларға арнап автоматтандырылған қосымша жұмыс орындары бар.


Бұл шекарада еңбек ететін қазақстандық теміржолшылар үшін жүйелі жұмыс тәсілі болып табылады. Сондай-ақ, Бәйтерек және Бек-бике станциялары бойынша да пойыздар және вагондармен атқарылған жұмыстардың мәліметтерін ақпараттық жүйеге мерзімінде өткізу мақсатында станция кезекшісіне арнап қосымша автоматтандырылған жұмыс орындары қамтамасыз етілді.

«Бұрын қанша вагонның келіп кеткені, станция жұмысына қатысты басқа да мәселелер телефон байланысы арқылы айтылса, енді барлық ақпарат автоматты түрде компьютерде көрініп тұрады. Яғни, аталған станцияларда ГИД Урал жүйесі орнатылып, пойыздар қозғалысы, жұмысты жоспарлау және вагондарды өңдеу туралы жедел ақпарат беруге мүмкіндік ашылды. Ақжайық станциясында да АСУ-Узел жүйесі енгізіліп, ол вагондар мен пойыздар жұмысын ұйымдастыруды, жүкті түсіру не тиеу бойынша ақпаратты жеделдетуге мүмкіндік

берді. Ал, Сағыз станциясынан Ганюшкино станциясына дейінгі жол тәлімі ВОЛС желісіне қосылып, мұнда да ақпаратты үлкен көлемде және шұғыл беруге жағдай жасалды. Теңдік станциясында да радио, телефон байланысы, станция паркіне таралатын дыбысқұшейткіш, машинистермен байланыстың бәрі соңғы үлгідегі қондырғылармен жабдықталған. АПС, АЛСН құрылғылары да қолданыста бар. Жаңа технологиялардың өндіріске енгізілуі жұмыс өнімділігіне қарқын беріп отыр. Биылғы жылы да осындай жұмыстар ұжымдастырылып, қызмет аумағы кеңейе түсуде», – дейді бөлімшенің СОБ және электрмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Амангелді Бержанов.

Сонымен қатар Құлсары, Атырау сигнализация және байланыс дистанцияларында Мақат-Құлсары учаскесі бойынша Бек-Бике разъезінде, Құлсары-Бейнеу учаскесінде Қоркөл станциясында, Атырау-Ақсарай учаскесі бойынша Атырау мен Д.Нұрпейісова бекеттерінде, Атырау-Қиғаш тәлімінің Аққыстау, Исатай, Афанасьево бекеттеріне пойыз қозғалысы кезінде жылжымалы құрамның техникалық жағдайын автоматты түрде бақылауға арналған жаңартылған контейнерлік техникалық жабдықтар кешенінің жүріс модульдері орнатылды. Инфрақұрылымды жақсарту, байланыс саласын модернизациялау бойынша Атырау, Ақжайық сигнализация және байланыс дистанцияларында Атырау, Махамбет, Мақат станцияларындағы Электрлік орталықтандыру кешенінде қызмет ету мерзімі өткен қуат панелдерін ауыстыру жұмыстары да жүргізілген.

КІЛТИПАНЫ КӨП КІРМЕ ЖОЛДАР



КЕЛЕГІ КЕҢЕС

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Асқар Жексенбиев және «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл» филиалының жауапты басшыларымен бірге, аймақтағы кірме жолдардың иелері қатысқан жиын Жамбыл өңірлік көлік прокуроры Саят Сейтжанұлы төрағалығымен өтті. Ведомствоаралық кеңеске сондай-ақ Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының бастығы Досжан Мырқалықов, Тараз станциясы желілік полиция бөлімінің бастығы Олег Родякин, облыстық Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Нұралы Ергебаев тағы басқа мүдделі тараптардың өкілдері қатысып, пікір білдірді.

2026 жылдың алғашқы 5 айында пойыздардың темір жолдан шығу фактілері саны айтарлықтай артқан. 2025 жылы есепті кезеңде 4 жағдай тіркелсе, биыл олардың саны 9-ға жеткен. Бұл – алаңдатарлық жағдай.

Көлік прокуроры Саят Сейтжанұлы өрескел бұзушылықтар тіркелген кірме жолдардың жай-күйін арнайы барып көргенін, техникалық талаптар сақталмай отырған тармақтарда жөндеу жұмыстары жүргізілмегенін ашып айтты. Орын алған жағдайларды сараптаған Жамбыл көліктік прокуратурасының прокуроры Ульфат Токтаеваның айтуынша, жоғарыда тек 5 айдың есебі, ал 2025-2026 жылдар аралығында кірме жолдарда пойыздардың жолдан шығып кетуінің 19 фактісі тіркелген.

– 8 жағдай кірме жолдар меншік иелерінің жолдарға тиісті техникалық қызмет көрсетуінің салдарынан орын алған. 11 жағдай

Жеке кәсіпкерлер мен ірі кәсіпорындардың иелігінде болған соң, кірме жолдарды күтіп-сақтау мәселесінде кілттипан көп. Соның салдарынан қозғалыс қауіпсіздігі сақталмай, түрлі апатты жағдайлар орын алып жататыны жасырын емес. Жамбылда осы кірме жолдар мәселесіне арналған жиын өтті.



рельс, шпал, балласт және тағы басқа жолдың жоғары құрылыс элементтерінің қанағаттанарлықсыз техникалық жағдайына байланысты туындаған. Талдау нәтижелері кірме жолдар инфрақұрылымының техникалық жай-күйін күшейту және меншік иелерінің жауапкершілігін арттыру қажет екенін көрсетіп отыр, – деген прокурор У.Токтаева жыл басынан бері тіркелген фактілерге жеке-жеке тоқталып өтті. Себептері мен салдарын ерекше атап көрсетті.

Жамбыл мемлекеттік аудандық электростанциясы АҚ-ның кірме жолында биыл 31 қаңтар күні орын алған жағдайға – кірме жолдың қанағаттанарлықсыз жағдайы мен жол табанының нормадан артық кеңеюі себеп болған. Соның салдарынан күкірт қышқылы тиелген екі вагон рельстен шығып кеткен. Жалпы, сұйық тауарды тасымалдау кезінде туындайтын қауіп көп. Ең бірінші кезекте – адам, яғни, жұмысшылардың еңбек қауіпсіздігін сақтау ережесі өрескел бұзылып, денсаулық жағдайына айтарлықтай қатер төнуі мүмкін. Ал, қышқыл топыраққа төгілсе, қоршаған ортаға келтіретін залалы көп. Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің

директоры Асқар Жексенбиевтің сөзіне сүйенсек, қозғалыс қауіпсіздігін бұзу салдарынан орын алған 9 жағдайдың алтауы – тармақ иелерінің жолды қанағаттанарлықсыз жағдайда ұстауына байланысты туындаған. Ал үшеуі сол жеке кәсіпкерлік нысандары және кәсіпорын қызметкерлерінің жіберген қателігі екен.

– Атап айтсақ, маневрлік жұмыстарды жүргізу технологиясын сақтамаған. Бұл жағдайлар жолдарды күтіп ұстау және маневрлік жұмыстар кезінде нұсқаулықтар мен талаптардың орындалмайтынын, қауіпсіздік шаралары сақталмайтынын көрсетеді. Жалпы пойыздардың рельстен шығуы және соқтығысу фактілері 2025 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 5 жағдайға, яғни 4-тен 9-ға дейін немесе 55,5% өскен. Әрине, тармақ иелері дер кезінде рельс-шпал шаруашылығының жай-күйіне тексеру жүргізсе, жылжымалы құрамның рельстен шығып кету жағдайларының алдын алуға болатын еді, – дейді Асқар Жексенбиев.

Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының бастығы Досжан Мырқалықов пен Тараз станциясы Желілік полиция бөлімінің бастығы Олег Родякин кірме жолдардағы өзге де құқық бұзушылықтар мен орын алған жағдайлар туралы айтып өтті. Өз кезегінде кірме жолдар қожайындары аталған фактілердің салдарын жою және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қандай іс-шаралар атқарылғанын айтып өтті. Олар кірме жолдарды күтіп-баптау, жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде ескерілетін ережелер, жолды пайдалану кезіндегі есте сақтайтын талаптар туралы сұрақтар қойып, өздері бетпе-бет келіп отырған мәселелерді де көтерді.

Совещание

БЕЗОПАСНОСТЬ – В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

В АО «НК «КТЖ» состоялся круглый стол по вопросам повышения уровня безопасности на железнодорожном транспорте под председательством заместителя председателя правления Марата Шакинова. В совещании приняли участие представители Главной транспортной прокуратуры, департамента Комитета по правотехнике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК на транспорте, департамента полиции на транспорте МВД РК, Министерства транспорта РК, а также руководители профильных подразделений группы компаний КТЖ. Мероприятие прошло в рамках реализации концепции «Закон и порядок».

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

Участники обсудили причины происшествий на железной дороге и меры, необходимые для их предупреждения.

– Безопасность движения поездов является одним из ключевых приоритетов КТЖ. Сегодня важно не только устранять последствия происшествий, но и предупреждать их возникновение. Для этого необходимо объединять усилия государственных органов, правоохранительных структур, владельцев подъездных путей и всех участников перевозочного процесса. Только системная профилактическая работа позволит обеспечить дальнейшее снижение рисков и повышение уровня безопасности на железнодорожном транспорте, – отметил заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Марат Шакинов.

В 2025 году на железной дороге зарегистрировано 66 случаев наезда на людей, за пять месяцев 2026 года – 24. Основными причинами остаются нарушение правил нахождения на железнодорожных путях, переход путей в неустановленных местах, нахождение граждан в состоянии алкогольного опьянения, использование наушников и мобильных устройств во время перехода, а также случаи суицидального характера. Наибольшее количество происшествий зарегистрировано в Алматинском, Карагандинском и Кызылординском регионах.

Вместе с тем в компании сохраняется положительная динамика по показателям безопасности движения. За пять месяцев 2026 года количество нарушений безопасности движения снижено на 4% и составило 49 случаев. За последние пять лет число нарушений ежегодно сокращается в среднем на 4%. Среди железнодорожных администраций стран СНГ Казахская железная дорога занимает второе место по уровню обеспечения безопасности движения.

Особое внимание участники круглого стола уделили ситуации на частных подъездных путях промышленных предприятий. За пять месяцев текущего года здесь допущен 91 сход подвижного состава, что на 18% больше показателя аналогичного периода



прошлого года. В результате повреждены 168 вагонов и 18 локомотивов.

